

ӘОЖ: 329 (574)

Т.Қ. Әуелғазина

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: a.tolkyn@mail.ru

### Партия жүйесі – саяси зерттеудің нысаны

Мақала саяси ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі – қоғамдағы партия жүйесінің алатын орны мен рөлін талдап, зерделеуге арналған. Сонымен қатар, автор партия жүйесінің теориялық негізін де талдап көрсетеді. Осы орайда аталған мақалада саяси зерттеудің нысаны болып табылатын партия жүйесі мәселесінің мәні мен мазмұнына және негізгі ұстанымдарына қатысты кейбір шетелдік зерттеушілердің көзқарастары қарастырылды. Мақалада автор аталған мәселені қарастыруда қолданбалы ғылыми талдау әдісін қолданған.

**Түйін сөздер:** мемлекет, саяси жүйе, партия, партиялық жүйелер, саяси партиялар, партиялық жүйенің типтері, партиялық коалициялар, бірпартиялық жүйе, екіпартиялық жүйе, көппартиялық жүйе, демократиялық жаңарулар.

Т.К. Auyelgazina

### The party system – as an object of political research

This article analyzes one of the most pressing problems in political science – the place and role of the party system in the society. Also, the article highlights the nature and content of the concept of «party system» as the subject of the study of political science. The author provides a scientific analysis of the theoretical approaches to the study of this problem. Presented research on the experience of foreign researchers Party building in the community. The author used the applied approaches to the study of this problem.

**Keywords:** the state, the political system, the party, the party system, political parties, the types of political parties, party coalitions, one-party system, the two-party system, a multi-party system, democratic system modernization.

Т.К. Ауелгазина

### Партийная система – как объект политического исследования

Статья посвящена анализу одной из актуальных проблем в политической науке – месту и роли партийных систем в обществе. А также в статье освещаются сущности и содержания понятия «партийная система» как предмета исследования политической науки. Автор дает научный анализ теоретических подходов к изучению данной проблемы. Приведены научные исследования зарубежных исследователей об опыте партийного строительства в обществе. В данной статье автор использовала прикладные подходы к изучению данной проблемы.

**Ключевые слова:** государство, политическая система, партия, партийная система, политические партии, типы политической партии, партийные коалиции, однопартийная система, двухпартийная система, многопартийная система, демократические модернизации.

#### Кіріспе

Партиялық жүйелер қазіргі көптеген дамыған қоғамдарда саяси жүйенің негізгі элементтері бо-

лып табылады. Саяси партиялар мәселесін зерттеуде институционалдық құрылымдарды, яғни, партиялық жүйені қарастырудың маңызы зор.

Поляк зерттеушісі Е. Вятр партиялық жүйені билік үшін не билікті жүзеге асыру мақсатын көздейтін бәсеке арқылы немесе бірлескен күресте заңды түрде іс-қимыл жасайтын, сонымен бірге, өз қатарларына мемлекеттік институттарды да, партиялық емес мүдделі топтарды да қоспайтын саяси партиялардың арасындағы қарым-қатынастардың жиынтығы, – деп түсіндіреді [1]. Ол партиялық жүйенің құрамына жұмысын заңды түрде жүргізетін барлық саяси партиялармен қатар, өмір сүруші жүйеге қарсы және саны жағынан аз, белсенділігі төмен партияларды да қосады. Осылайша, партиялық жүйе тұрақты қарым-қатынастағы түрлі сипаттағы партиялардың, сондай-ақ, мемлекеттің және биліктің өзге құрылымдарының жиынтығын білдіреді.

### **1. Партиялық жүйе – саяси ғылымның зерттеу нысаны**

Партиялар жиылып, партиялық жүйені құрады. Партиялық жүйе деп ашық қызмет жасайтын, мемлекеттік ұйымдарды қалыптастыруға мүмкіндігі бар, елдің ішкі және сыртқы саясатына ықпал ете алатын саяси партиялар арасындағы қатынастар жиынтығын айтады.

Партиялық жүйе жеке-дара өмір сүрмейді, ол көптеген факторлардың әрекетінің нәтижесінде пайда болып, дамиды. Бұл ретте М. Дюверже түрлі елдер мен барлық мемлекеттерге тән партиялық жүйенің институционалдық, тарихи және әлеуметтік факторларын атап көрсетеді.

Әдетте, жетекші институционалдық факторларға сайлау жүйесі мен конституциялық-құқықтық дизайн жатқызылады. Себебі саяси жүйеде партиялық жүйе мен сайлау жүйесі біріне-бірі тәуелді және өзара ықпал ететін құрылымдар болып табылады. Іс жүзінде сайлау жүйесінің типі саяси партиялардың ұйымдық және саяси-идеологиялық дамуын, олардың мөлшері мен санын, партиялық коалициялардың қалыптасу деңгейін, Парламенттегі өкілдіктердің үлесін және т.б. анықтайды.

Конституциялық-құқықтық дизайн болса, кең мағынада мемлекеттің басқару түрін, мемлекеттік құрылым мен саяси режимнің түрлерін, ал, тар мағынада билік құрылымдарының арасындағы көлденең және тік деңгейдегі өкілеттіктердің үлгісін, яғни, басқару жүйесін (парламенттік, президенттік, жартылай президенттік) айқындаумен шұғылданады.

Тарихи факторларға ұлттық дәстүрлер мен тарих, ықпалды сипатқа ие тарихи қақтығыстар жатады. Осылар әр қоғамның өзіне тән жіктелу үдерісіне маңызды әсерін тигізетіні анық. Мәселен, шаруалар қабаты басым қоғамда аграрлық партиялар пайда болатыны белгілі. Ал, экономикасы көпсатылы, саналуан мәдениеті мен тілдері дамыған, сондай-ақ, әлеуметтік, ұлттық, діни және басқа да қызығушылықтары үстем қоғамда көппартиялық жүйенің қалыптасуына алғышарттар қалыптасуы ықтимал.

Әлеуметтік факторлар қоғамның әлеуметтік стратификациясына және оның саяси мәдениетіне байланысты негізделеді. Айталық, орта тап өкілдері үстем қоғамда жетекші партиясы бар жүйенің құрылуына мүмкіндік зор болады. Егер қоғамның әлеуметтік құрылымында бірқатар страттар арасындағы қарама-қайшылықтар орын алса, онда партиялық жүйе қақтығыстық сипат алады. Ал, қоғамдағы әлеуметтік топтар ортақ құндылықтар мен мұраттар жүйесін ұстанса, партиялық жүйедегі партиялардың және партиялар мен мемлекет арасында қолайлы қарым-қатынас қалыптасары анық.

Айта кетерлік жайт, партиялық жүйеге маңызды ықпал ететін жоғарыда қарастырылған факторлардың ішінде сайлау жүйесін М. Дюверже ерекше атап көрсетеді. Ойшылдың пікірінше, нақ осы сайлау жүйесінің партиялардың саны мен мөлшерін, партиялық коалициялардың құрылу деңгейін, Парламенттегі партиялар өкілдіктерінің үлесін, партиялар арасындағы қарым-қатынастардың типін жетілдіруге шешуші ықпал етуге мүмкіндігі басым.

### **2. Партиялық жүйенің типтері**

Партиялық жүйенің типтері санына және сапасына байланысты жіктеледі. Қазіргі саяси ғылымда партияларды санына қарай жіктеу үлесі кең тараған. Осы орайда біз М. Дюверженің және ресейлік ғалымдар В.П. Пугачев пен А.И. Соловьевтің партиялардың санына орай жіктеуін қарастырамыз.

Сонымен, елдегі партиялардың санына қарай М. Дюверже бірпартиялық, екіпартиялық және көппартиялық партиялық жүйелерді атап көрсетеді. Жалпы алғанда, партиялық жүйенің типтерін санына байланысты жіктеу Австралия, Жапония, Батыс Еуропаның елдері, АҚШ сияқты дамыған демократиялық елдердің партиялық құрылымын бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда

шығу тегі жағынан итальяндық америкалық саясаттанушы Дж. Сарторидің жіктеуі Латин Америкасы, Азия, Африка тәрізді дамушы елдердің партиялық жүйесінің мәнін ашып көрсетуімен ерекшеленеді. Ол партиялардың арасындағы идеологиялық аралыққа негізделген күрделі жіктеу ұстанымын атап көрсетеді. Зерттеуші өзінің «Партии и партийные системы» деген еңбегінде жеті сатыдан тұратын жіктеу үлгісін ұсынады:

- бірпартиялық жүйе;
- гегемонды партиялық жүйе;
- үстемдік етуші партиялық жүйе;
- екіпартиялық жүйе;
- шектелген плюралистік жүйе;
- соңғы шектегі полярлы плюралистік жүйе;
- атомдалған жүйе [2].

Іс жүзінде зерттеуші осы жіктеуін бірпартиялық және көппартиялық жүйелер жағдайына негіздеп тұжырымдаған.

Бірпартиялық жүйе билікке тек бір ғана партияның монополиясы үстемдік етуімен сипатталады. Билеуші партияның билік үшін күрес жүргізетін бәсекелесі болмайды. Мұнда билеуші партия бәсекелес әрі бақылаушы оппозициялық партиялардың жоқтығын пайдаланып, саяси билікті өз қолына жинақтап, мемлекеттік құрылымды толықтай басқаруды жүзеге асырады. Яғни, партия мен мемлекет бірігіп, монополиялық билік түрін жүзеге асырады. Бұл жүйеде биліктен үміткер жаңа партияларды құруға қатаң тыйым салынады, ал, бар өзге партиялардың іс-әрекеті заңсыз деп саналады. Мұндай жүйеде партия мемлекетпен тұтасып кетеді. Негізгі саяси шешімдерді жоғары дәрежедегі партиялық жетекшілер қабылдайды, ал мемлекеттік қайраткерлер негізінен атқарушы рөлге ие. 1927 жылы Н. Бухарин Кеңес Одағының партиясы жөнінде: «Бір партия басқарушы болса, басқалары түрмеде отырады», – деген тұжырым айтқан. Әдетте, бірпартиялық жүйеде партия мемлекеттік аппаратпен тұтасып кетеді және партияға тән емес функцияларды орындай бастайды. Нәтижесінде мемлекеттік құрылымда бюрократияландыру үдерісі етек алып, билікке сайлаушылар тарапынан демократиялық бақылау әлсірейді де, сайлаудың өзі формальды сипатты иеленеді. Бұған 1903 жылы пайда болған Ресей социал-демократиялық жұмысшылар партиясы (РСДЖП), Кеңес Одағының коммунистік партиясы (КОКП) мысал бола алады.

Ресейлік ғалымдар В.П. Пугачев пен А.И. Соловьев өз зерттеулерінде бірпартиялық (бәсекесіз) партиялық жүйенің ерекшелігін кеңірек түсіндірген [3].

Олардың пікірінше, бәсекесіз бірпартиялық жүйе – бұл мемлекеттік билікті бір ғана партия өз қолына шоғырландырған жүйе түрі. Бірпартиялық жүйе жағдайында партия саяси жетекші мен халық бұқарасы арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Мұндай жүйеде Парламент пен сайлау механизмдері жойылады немесе өз іс-әрекетінің шынайы мәнінен айрылады.

Бірпартиялық жүйенің деспоттық және демократтық екі түрі болады. Деспоттық бірпартиялық жүйе түрі саяси жүйедегі басқа партиялардың нақтылы өмір сүруіне тиым салынғандығымен ерекшеленеді. Шындығында, мұндай партиялар мемлекеттік аппараттың бөлігі болып табылады. Оған КОКП нақты мысал бола алады.

Демократтық жүйе түрі бірпартиялық жүйе үстемдік ететін, алайда онда көппартиялық жүйе жасанды түрде ғана қалыптасқан қоғамда көрініс табады. Аталған жүйеде билеуші партия тотальды идеологиялық және ұйымдастырушылық бақылауды жүзеге асырады.

Саяси жүйеде бірпартиялық жүйенің гегемонды партиялық жүйе деген де нұсқасы кездеседі. Көбінесе, өмірде гегемонды партиялық жүйе жағдайында партиялық және мемлекеттік аппараттың тұтасып кету ағымы байқалады. Сондықтан бұл жүйенің өздерінің түрлі идеялары мен мүдделерін білдіруге жеткілікті түрде мүмкіндіктерін жүзеге асырмауы оларды дағдарысқа әкеліп соқтыруы да мүмкін.

Ал, үстемдік етуші партиялық жүйе тиімділігі шамалы оппозициялық күш болған жағдайда елде бір партияның ұзақ уақыт бойына билік етуімен сипатталады. Оларға Жапонияның Либералды-демократиялық партиясы мен Швецияның Социал-демократиялық партиясы жатады. Ал, Үндістанда Үнді ұлттық конгресі үстемдік етуші партияға мысал болып табылады. Үстемдік етуші жүйе тұрақты бірпартиялық үкіметті құруға жағдай жасайды, алайда кейде жетекші партияның тоқырауға ұшырау қаупі де кездеседі.

Іс жүзінде бәсекесіз бірпартиялық жүйе авторитарлық және тоталитарлық режимдерге тән, сонымен қатар, дамушы елдердің арасында да таралған. Тоталитарлық режимде

мемлекеттік басқару органдарымен тығыз байланысты тек бір ғана саяси партияның билікті өз қолына шоғырландыру әрекеті жүзеге асады. Тоталитарлық жүйенің ерекшеліктері мемлекеттік және партиялық аппараттың тұтасып кетуі және оның саяси өмірдің билік орталығы ретінде орнығуы болып табылады. Басқарудың тоталитарлық жүйесі негізінде қуатты партиялық-мемлекеттік аппараттың қалыптасу процесі жатыр» [4]. Бір ғана партияның билік функцияларына монополиясы мемлекеттік құрылымда әкімшіл-әміршіл билік жүйенің орнығуына, қоғамдық өмірдің барлық салаларының толық идеологиялық бақылауға алынуына, саясаттағы субъективтілікке және волюнтаризмге, халық пен биліктің арасындағы өзара байланыстың бұзылуына және бұқара халықтың саясаттан шеттетілуіне алып келеді.

Авторитарлық режимде үстемдік етуші партиямен қатар, өзге де саяси партиялар ресми түрде өмір сүруі мүмкін, бірақ соңғыларының шынайы дербестігі болмайды, қызмет өрісі барынша шектеулі болады және билеуші партияның жетекші ролін мойындайды. Мұндай жүйе екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Шығыс Еуропаның бірқатар елдерінде – Болгарияда, ГДР-де, Польшада, Чехословакияда қалыптасқан болатын. Алайда бұл елдердегі қалған партиялар саяси өмірде болмашы ғана рөлге ие болды. Қазіргі кезде бірпартиялық жүйе үстемдік ететін елдерге Солтүстік Корея, Қытай, Куба, Ливия, Алжир, Заир, Мысыр және т.б. жатады.

Бірпартиялық жүйенің ХХ ғасырдағы жүргізілу тәжірибесі өзінің тиімсіздігі мен оның демократиялық даму үдерісіне қарсылығын көрсетті. Жалпы қоғамда бір ғана партияның билік монополиясын өз қолына шоғырландыруы волюнтаризмге және басқаруда әкімшіл-әміршіл әдістердің үстемдігіне, ең соңында азаматтардың саясатқа қызығушылық танытпауына әкелері анық. Сондықтан, тарихи тұрғыдан алғанда бірпартиялық жүйе іштей тұрақсыз жүйе болып саналады, себебі азаматтық қоғаммен кері және тура байланыс құратын қарым-қатынастың бүкіл тетіктері жабылады, біраз уақыттан кейін бұл жағдай саяси жүйені дағдарысқа әкеліп соқтырады да, оның соңы бірпартиялық жүйенің құлауымен аяқталады.

Екіпартиялық жүйе (бипартизм) – бұл мемлекетте билік үшін шынайы күрес пен нағыз бәсекелестік екі ірі саяси партияның арасында

өріс алатын жүйе. Мұнда екі партияның біреуі жалпыға бірдей тікелей сайлау нәтижесінде кезекпен парламенттегі көпшілік орында иеленіп, Үкіметті қалыптастырады және мерзімі аяқталғанша билеуші партия ретінде өз қызметін атқарады. Ал, келесі партия оппозициялық бағытты ұстанады. Ол оппозицияда бола отырып, билеуші партияның іс-қимылын бақылап, сынға алады және оның елдегі билікті заңсыз жүзеге асыруына жол бермейді. Бипартизм мемлекеттік құрылымда басқа, ықпалы жағынан төмен партиялардың өмір сүруін де жоққа шығармайды. Олар да саяси үдеріске қатысады, бірақ билікті жүргізуге шынайы түрде ұмтылуға дәрменсіз.

Екіпартиялықтың қалыптасуына көбіне мажоритарлық сайлау жүйесі мүмкіндік береді. Бипартизм биліктің салыстырмалы түрдегі тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды, яғни, коалициялық келісімдердің тұрақсыздығынан еркін, бірпартиялық үкімет құрады. Екіпартиялық жүйе мүдделердің артикуляция және агрегация үдерісін жеңілдетеді, өйткені бәсекелестікке түсетін партиялардың әрқайсысы өзінің электоралдық негізін барынша кеңейту мақсатында әр түрлі әлеуметтік топтардың талаптарын жинақтап қорытуға, «қысқартуға» ұмтылады [5], – деп көрсетеді француз саясаттанушысы Р.-Ж.Шварценберг. Осылайша, екіпартиялық жүйенің жүйенің классикалық нұсқасында басым екі партия сайлаушылардың 90 пайызға дейінгі дауысын иеленуіне байланысты, елдегі қалған партиялар билікті жүргізуге қатысу мүмкіншілігінен айрылады.

Мемлекеттік құрылымда екіпартиялық жүйенің классикалық нұсқасы «қатал» немесе «жұмсақ» сипатта кездеседі. Қатал екіпартиялық жүйеге мысал ретінде Ұлыбританияда қалыптасқан жүйенің билігін мысалға келтіруге болады. Өйткені маңызды саяси шешім қабылдау кезінде елдегі негізгі – Лейбористік немесе Консервативтік партиялардың депутаттары тек өз партиясының бағытына сәйкес ғана дауыс беруі тиіс. Бұл елде партиялық тәртіпті бұзу өте қатаң түрде жазаланады. Ал, жұмсақ екіпартиялық жүйе негізінен АҚШ-та қалыптасқан. Бұл елде конгресмен еркін түрде дауыс беруге және басшылықтың ұстанған бағытын қабылдауға да ерікті.

Зерттеуші Дж. Сартори өз жіктеуін мақсатқа сәйкес «екі жарым партиялық» жүйемен

толықтырды. Оған екі негізгі партияның жанында тағы бір әлсізрек, алайда билік үшін күреске ықпал етуге қабілетті үшінші партияның пайда болуы тән. Осы үшінші партия жетекші екі партияның біреуіне қолдау көрсетіп, күшті партияның біреуінің жеңіске жетуіне ықпалын тигізіп, міне, осылайша, үкіметтік коалицияның нұсқасын анықтайды. Мұндай партия жетекші бір партияның басымдылығын теңестіру кезінде үлкен рөлге ие. Аталған жүйе түрі Германияда үстем, онда жетекші партиялар – ХДС/ХСС пен Германияның Социал-демократиялық партиясы Еркін демократтармен блокқа кірудің нәтижесінде ғана Үкіметті құруға мүмкіндік алды. Осындай жүйе түрі «үшінші» партиялар билікті реттеу мүмкіндігіне қабілетті Канада, Австрия сияқты елдерде қалыптасқан. Сондай-ақ, Ұлыбританияда соңғы өткен сайлау бұл елдің де классикалық бипартизмнен «екі жарым партиялық» жүйесіне ауысуы мүмкін екендігін көрсетті.

Бипартизм коалициялық келісімсіз бірпартиялық Үкіметті құратындықтан, салыстырмалы түрде биліктің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл жүйеде оппозициялық партиялар саяси жүйеде орныққан құндылықтық ұстанымдардың негізінде іс-әрекет жасайды. Дегенмен, екіпартиялық жүйе азшылықтың талабын көтеретін ұсақ партиялардың шешім қабылдауға қатысуын жоққа шығаратындықтан, көбінесе сынға ұшырайды.

Екіпартиялық жүйе негізінен англосаксондық елдерге тән. Аталған жүйе орныққан елдерде басқа да кішігірім партиялардың болуы мүмкін, яғни, оларда өзге де партиялардың өмір сүруіне тиым салынбайды. Мұнда жалпыға бірдей тікелей сайлау нәтижесінде екі партияның біреуі өзінен-өзі автоматты түрде парламентте көпшілік орынды иеленіп, ел Үкіметінің орнықтылығын қамтамасыз етеді. Себебі, оған Үкімет заң бойынша көрсетілген мерзімі біткенше қызметін атқаруына мүмкіндік береді.

Екіпартиялық жүйенің классикалық үлгісі АҚШ-та негізделген, бұл елде әр кезде Демократиялық және Республикалық партиялар мемлекеттік билікті жүзеге асыруда бірін-бірі ауыстырып отырады. Ал, Ұлыбританияда болса, Екінші дүниежүзілік соғыстан бастап 2010 жылдың мамырына дейін билік үшін тартыс консерваторлар мен лейбористердің арасында жалғасып келді.

Көппартиялық жүйеге мемлекеттік билік үшін күрес барысында бірнеше саяси партиялардың әр түрлі мүдделері мен пікір алуандылығын пайдалана отырып, легитимді түрде басқару түрі жатады. Оған үш немесе одан артық партия қатысады. Көппартиялық жүйе іштей сан салалы болып келеді. Оны кейде көп қырлы плюрализм деп те атайды. Бұл жүйенің ішінде негізінен екі коалиция болады (яғни, биполярлық плюрализм немесе екі блокты коалиция), топтасу екі партиялық одақтың күресінің мәні болып келеді, ал блоктан тыс әрекет ететін партиялар елеулі партиялық рөл атқармайды және бірте-бірте маргиналдылыққа душар болады. Екі блоктылық негізінде басқару түрі көбінесе Францияға тән, мұнда президенттік, парламенттік сайлаулар алдында екі блок – солшыл (социалистер, коммунистер, солшыл радикалдар) және оңшыл (голлистер, жискардистер және т.с.с.) блоктары қалыптасады. Міне, осындай жүйеде саяси партиялардың бірінің биліктегі ұзақ уақыт басымдылығымен көппартиялық жүйе әрекет етеді.

Ресейлік ғалымдар В.П. Пугачев пен А.И. Соловьев тұжырымдағандай, бәсекелесуші көппартиялық жүйе – бұл билік үшін күресетін көптеген, соның ішінде оппозициялық та партиялар құрылған жүйе болып табылады. Бәсекелесуші көппартиялық жүйе доминантты, екіпартиялық және мультипартиялық деген партиялық жүйелерге бөлінеді [3].

Доминантты партиялық жүйе – бұл қоғамда демократиялық ұстанымдар мен көптеген партиялардың өмір сүруіне қарамастан, сайлауда үнемі бір ғана партияның жеңіске жетіп, билік құрылымдарында үстемдікке ие болатын жүйе түрі. Мысалы, Швецияның Социал-демократиялық жұмысшы партиясы 1932-1976 жж. аралығында үздіксіз билікті өз қолына шоғырландырды. Және де соңғы отыз жылда осы партия көбінесе сайлауда жеңісті иеленіп, үкімет құрамын қалыптастыру құқығына ие болды.

Мультипартиялық жүйе – бұл саяси үдеріске күшті ықпал ете алатын екі партиядан бөлек, алайда олардан өзге үкімет билігін жүзеге асыруға қабілетсіз партиялар негізделген жүйе. Бұл жайт елде парламенттік көпшіліктің ұдайы өзгеруі орын алатын әр текті коалициялық Үкіметтің қалыптасуына әкеледі. Мұндай партиялық жүйе мемлекеттегі партиялардың шынайы саяси жетекшілік қабілетіне ие болмағандықтан,

олардың өзара келісім мен ымыраға келуіне әкеледі. Бұл партиялардың арасында кез келген сәтте өзгеріп кетуі ықтимал өзара одақ құру мен келісімге келу тәжірибесі қалыптасқан. Партиялар арасындағы мұндай келісімдер сайлау компаниялары кезінде, сонымен қатар, Парламентте жетекші коалиция мен коалициялық Үкіметті құру мақсатында жасалуы мүмкін. Осылайша, мемлекеттік билікті жүзеге асыру үшін партиялар кейде коалиция (латын тілінен бірлестік деп аударылады) құруы да ықтимал. Партиялық коалиция – бұл мүдделердің өзара ымыраға келуі мен тепе-теңдігі негізінде ортақ саяси мақсаттарға жету үшін құрылған саяси партиялардың одағы, бірлестігі болып табылады. Саяси жүйеде партияаралық коалициялардың дәстүрлі түрде электоральдық (сайлау науқаны кезінде құрылады), парламенттік және үкіметтік сияқты түрлері кездеседі. Сонымен қатар, партиялар сайлауға әзірлік барысында легислатуралық коалицияға бірігіп, олардың әрекет ету мерзімі бүкіл легислатураға, яғни, сайланбалы органның өкілдік мерзіміне таралады. Ал, партиялардың конъюнктуралық коалициялық типі негізінен сайлау үдерісінен кейін қалыптасып, көбінесе уақытша сипатта болады.

Демек, көппартиялық жүйе жағдайында мемлекеттік құрылымда фракциялар, одақтар, блоктар және коалициялар құрылады. Саяси партиялардың ішінде фракциялар (латын тілінен бөлшектену, бөлектену деп аударылады) екі мағынада қолданылады:

- бір партияның парламентте, мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда өздерінің саяси нұсқау, мақсаттарын ұйымшылдықпен жүргізу мақсатымен құрған ұйымы;

- бір партияның ішінде өзіндік бағыты, құрылысы, тәртібі бар, бірақ сол партияның қатарынан шықпаған мүшелердің бөлігі.

Осымен байланысты, шектелген плюралистік жүйенің ең басты белгісі оның құрамындағы әр партияның Парламентте көпшілік орынды иеленетін және өз бетінше саяси билікті жүзеге асыруға бәсекелес бола алатын мүмкіндікке ие болуы. Мұндай жүйеде коалиция құру мақсатымен одақтастар мен серіктестерді іздеу мәселесінің туындауы да мүмкін. Жалпы алғанда, шектелген плюралистік жүйедегі партиялардың идеологиялық айырмашылықтары елеусіз ғана болып келеді. Аталған көппартиялық жүйе түрі саяси құрылымдарында үш-төрт партиялар

бәсекелес болатын Австрия, Бельгия, Нидерланд сияқты елдерде орныққан.

Ал, соңғы шектегі полярлы плюралистік жүйе Финляндия, Румыния тәрізді елдерде қалыптасқан. Мұндай көппартиялық жүйеге төмендегідей бірқатар белгілер тән:

- біріншіден, ол өмір сүруші жүйеге қарсы партияларды өз құрамына біріктіреді. Бұл партиялар полярлы түрдегі қарама-қайшы идеологияларды – троцкизм, анархизм, фашизм және басқаларды ұстанады;

- екіншіден, бұл жүйеде екі немесе одан да көп ірі блоктарға біріккен бірнеше саяси партиялар іс-қимыл жасайды. Осы блоктар саяси күштерді топтастыру мен саяси үдерістердің бөлшектелмеуіне атсалысады;

- үшіншіден, Үкіметті құру мүмкіндігі тек орталық – оңшыл және солшыл партиялардың қолына беріледі. Ал, өмір сүруші жүйеге қарсы қалған партиялар Үкіметті қалыптастыруға қатыса алмайды.

Ал, атомдалған көппартиялық жүйе түрі мемлекеттік құрылымында ондаған және жүздеген партиялар құрылған Малайзия, Боливия сияқты елдерге тән.

Сонымен, партиялық жүйелер бойынша жүргізілген талдаулар барысында біз бүкіләлемдік деңгейде қолданыста болуға қабілетті партиялық жүйенің жоқтығына көзімізді жеткіздік. Яғни, тәжірибе жүзінде де, ғылыми қорытындыда да қандай да бір өмір сүруші қоғамдағы партиялық жүйенің тиімділігіне оң баға беретіндей біртұтас қалып мен әмбебап нұсқа негізделмеген. Өйткені партиялық жүйе әр қоғамның, мемлекеттің, топтық құрылымның, мәдени ортаның, құндылықтар жүйесінің және т.с.с. өзіндік сипаты мен ерекшелігіне қарай қалыптасатыны белгілі.

Бұл талдау қорытындысы көрсеткендей, мемлекеттік құрылымдарда қарастырылған әрбір партиялық жүйенің өзіне тән артықшылығы мен кемшілігі болады. Мәселен, монополиялық жетекші партиясы билік ететін көппартиялық жүйедегі Жапония, Сирия, Испания және басқа елдердің нұсқасы өз ерекшелігін дұрыс санайды. Ал, саяси жағынан тұрақты дамудағы Нидерланд, Дания, Бельгия, Австрия және өзге мемлекеттер доминантты партиясыз мультипартиялық жүйені қалайды. Екіпартиялық жүйе қалыптасқан АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия және басқа елдер өз азаматтарына таңдау, Үкіметтеріне

– бағытты ауыстыру, қоғамға -тұрақтылықты орнату мүмкіндігін ұсынғанымен, саяси құрылымда жаңа партиялардың пайда болу сипатын қиындатады. Себебі, қоғамдағы «үшінші партия» қалай болғанда да орныққан саяси тәртіпке елеулі түзетулерін енгізіп, соған орай өмір сүруші құрылымда тұрақты орталықтық саясатқа тән алғышарттар негіздейтіні анық.

Дегенмен, қандай мемлекетте болмасын құрылған партиялардың қоғамдық жүйедегі атқаратын қызметі зор маңызға ие. Жалпы алғанда, партиялық жүйені санына және сапасына қарай жіктеу аяқталмаған үдеріс. Сонымен, шетелдік және отандық саясаттанушылар арасында жалпы мойындалған көзқарас бойынша партиялық жүйе – өзара бәсекелес, билікті қолға алу немесе билікті жүзеге асыру үшін біріккен күресте заңды қызмет ететін партиялар арасындағы қатынастардың жиынтығы.

Демек, партиялық жүйенің қалыптасуы – бұл бірнеше ондаған жылдар бойы жүзеге асырылатын және барынша ұзаққа созылатын үдеріс. Ол қоғамның әлеуметтік жіктелуімен, негізгі әлеуметтік топтар мен тұтастай алғанда қоғамдағы саяси сана мен саяси мәдениеттің демократиялық типтерінің дамуымен қосарлана жүреді. Осы орайда, посткеңестік кеңістікте құрылған мемлекеттердегі саяси партиялардың жақын жылдарда батыс елдерінің саяси өміріндегідей зор маңыздылыққа ие болуы екіталай екендігін айта кеткен жөн. Дегенмен, Қазақстан Республикасында да көппартиялық жүйе қалыптасу үстінде. Алайда бұл үдеріс баяу әрі күрделі сипатта жүруде. Яғни, көптеген саяси партиялардың сапалық дәрежесі төмен, мүше саны аз, сондай-ақ, саяси мақсаттары мен бағдарламаларын насихаттауға мүмкіндіктері төмен деңгейде қалып отыр. Бұған қоса өз баспаханалары, әрі радио мен теледидарда арнайы арналары да жоқ. Сондай-ақ, партиялар арасында жоғары деңгейдегі өркениеттік қарым-қатынас жолға қойылмаған, олардың сайлау арқылы мемлекеттік билікті қолға алу, басқару органдарының іс-әрекетіне бақылау жасау тәрізді мақсаттары да айқын негізделмеген. Қоғамда саяси партиялардың елдегі саяси үдеріске шешуші ықпал жасау қабілетіне сенімсіздік орын алған. Мұның бәрі қазіргі қазақстандық қоғамдағы партиялық саяси жүйенің әлсіздігін айқындайды. Осымен байланысты қазіргі таңда бүкіләлемде де жаппай партиялардың іс-

әрекеттерінің құлдырау сипаты басымдыққа ие екендігі де көпшілікке мәлім. Өйткені, бұрынғы өткен кезеңде қалыптасқан әлеуметтік байланыстар келмеске кетіп, экономикалық сала барған сайын жаһандана түсіп, шынайы билік күші ықпалды мүдделі топтардың қолына көшуде. Сол себептен партиялардың өздерінің сайлаушыларына берген уәделерін орындауға мүмкіншілігінің төмендеуіне орай, бұл жайт қоғамдық құрылымда олардың іс-қимылына деген жаппай сенімсіздікті тудыруда. Дегенмен, тұрақты көппартиялық жүйе тарихи түрде қалыптасқан дамыған мемлекеттерде партиялар саяси өмірдің барынша елеулі факторы болып қалуда. Осындай дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, қоғамдық-саяси тұрақтылық пен қоғамның тиімді дамуы үшін екі немесе үш партия үстемдік ететін саяси жүйенің нұсқасы әлдеқайда артық боп табылады.

Бұл ретте, біздің еліміздегі барлық саяси партиялар бағдарламаларында Қазақстан Республикасының Конституциясының талаптарын сақтай отырып, қазақстандық қоғамда демократиялық институттардың орнығуы, нарықтық экономиканың өрістеуі мен елде қоғамдық-саяси тұрақтылық пен өзара келісімнің болуы, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау, саяси мәдениетті дамыту, қоғам мүшелерінің саяси белсенділігін арттыру, оларды саяси тәрбиелеу мен саяси әлеуметтенуін қамтамасыз ету, халықтың біртұтастығын сақтау және т.б. іс-шаралардың көрініс табуы қуантарлық жайт. Осы тұрғыдан алғанда, елімізде көппартиялықтың дамуы партиялардың ішкі құрылымдық негізін, соның ішінде олардың өз бағдарламаларын, жарғыларын, ұстанатын бағыт-бағдарларын, іс-қимылдар жүргізудегі амал-тәсілдерін жетілдіруге зор ықпалын тигізетіні сөзсіз. Бұған қоса саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің арасындағы бәсекелестік олардың бұқара көпшіліктің, әлеуметтік топтар мен қабаттардың ой-пікірлерімен санасып, саяси құрылымдағы өз жұмыстарын атқаруда сапаға көбірек көңіл бөлуге мән бере бастауына алғышарт болып табылады. Біздің ойымызша, алдағы уақытта Қазақстан мемлекетінің дамуы тұрғысында түрлі идеялар мен бағыт-бағдарларды көтеретін бірнеше ірі партиялардың болуы өте тиімді. Ал, кішігірім партиялардың сайлаушылар тобына маңызды ықпал жасауы мен партиялық жүйеде лайықты орынды иеленуі

екіталай. Сондықтан қоғам бірнеше ірі партияларды күшейтуге басты күш-қуатын арнауы тиіс. Өз кезегінде республикада көппартиялық плюралистік жүйенің қажеттілігі күмәнсіз. Аталған мәселенің ара-жігін ашу мақсатымен

социологиялық сауалнама жүргізілгенде оған қатысушылардың 78 пайызының күшті саяси партияларды құрудың керектігін қолдағандығы да дәлел болып табылады. Бұл көрсеткішті төмендегі 1- кестеден көре аламыз [6].

**Кесте – 1** – Қазір республикаға күшті саяси партиялардың қажеттілігі бар ма? (% есебімен)

Күшті саяси партия құру қажет	78
Күшті саяси партия құру қажет, бірақ дәл қазір оған әлі ертерек	18
Партиялық жүйені құрудың мүлдем қажеттілігі жоқ	2
Жауап беруге киналамын	2

### Қорытынды

Осылайша, мемлекеттік құрылымдағы көппартиялық саяси жүйенің дамуы бүгінгі таңдағы объективті қажеттілік болып табылады. Көппартиялық саяси жүйе қоғам мүшелерінің өз мүдделері мен ұсыныс-пікірлерін білдіруіне, олардың саяси іс-шараларға қатысуына, сондай-

ақ, саяси әлеуметтенуіне жәрдемдеседі. Сөйтіп, қоғамдық жүйедегі саяси партиялар елдің саяси дамуының өте қажетті көрсеткіштерінің бірінен саналады. Сондықтан Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан реформалар көппартиялық саяси жүйені демократиялық жаңарулардың маңызды құралы ретінде бекітуге бағытталған.

### Әдебиеттер

- 1 Вятр Е. Социология политических отношений. – Москва: Прогресс, 1979. – С.330-332.
- 2 Сартори Дж. Партии и партийные системы: рамки анализа // Теория партий и партийных систем: Хрестоматия // Сост. Б.А. Исаев. – М.: Аспект Пресс, 2008. – 400 с. – С. 46.
- 3 3. Пугачев В.П., Соловьев А.И. Введение в политологию. – М.: Аспект пресс, 2001. – С.284.
- 4 Биекенов М.А. Халықтың өзін-өзі басқаруы. – Алматы: Қазақстан, «Білім» қоғамы, 1990. – 17-б.
- 5 Шварценберг Р.Ж. Политическая социология. Ч.3. – М., 1992. – С.74.
- 6 Куанышев Ж.И. Институционализация плюралистской системы в бикультурном обществе Казахстана // Казахстан-Спектр, 2000. – №3-4. – С.30.

### References

- 1 Vyatr E. Sociology of the political relations. – Moscow: Progress, 1979. – Page 330-332.
- 2 Sartori Dzh. Parties and party systems: analysis framework // Theory of parties and party systems: Anthology // Author. B.A.Isayev. – M: Aspect Press, 2008. – 400 pages. – Page 46.
- 3 Pugachev V.P., A.I.Introduction in political science. – M: Aspect press, 2001. – Page 284.
- 4 Biyeckenov M. A. Self management of people. – Almaty: Kazakhstan, "Knowledge" society, 1990. – Page 17.
- 5 Schwarzenberg R. Zh. Political sociology. Part.3. – M.: 1992. – Page 74.
- 6 Kuanyshev Zh.I. Institutionalization of pluralistic system